

Қаражал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 18 сәуірдегі ХХІХ сессиясының № 234 "Салық салу мақсаттары үшін Қаражал қаласының, Шалғы және Жәйрем кенттерінің жерлерін өңірлерге бөлу жобаларын (схемаларын) бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 26 қарашадағы ХХХV сессиясының № 281 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 6 қаңтарда № 2905 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2018 жылғы 17 тамыздағы ХХV сессиясының № 228 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 17.08.2018 ХХV сессиясының № 228 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қаражал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 18 сәуірдегі ХХІХ сессиясының № 234 "Салық салу мақсаттары үшін Қаражал қаласының, Шалғы және Жәйрем кенттерінің жерлерін өңірлерге бөлу жобаларын (схемаларын) бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2652 нөмірімен тіркелген, 2014 жылғы 7 маусымдағы № 24 "Қазыналы өңір" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің мемлекеттік тілдегі мәтінінің 3 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жана редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ХХХV сессияның төрағасы

Т. Қасымов

Қалалық мәслихаттың хатшысы

З. Оспанова

Жер салығының ставкаларын жоғарылату немесе төмендету

Өңірлер нөмірлері	Жер салығының ставкаларын жоғарылату (+), төмендету (-)	Шекаралары
Қаражал қаласы және Шалғы кенті		
I	+ 27 %	5 қабатты үйлер, әкімшілік ғимарат, қонақ үй, аурухана, салық басқармасы орналасқан қаланың орталық бөлігі (шекаралары: солтүстікте - Битабар көшесі, шығыста - 12 орам, оңтүстікте - 25 орам, батыста - Дүкенов көшесі)
II	+ 20 %	Қойма үй-жайлары, жылу- сумен жабдықтау цехы, спорт кешені, мешіт орналасқан коммуналды-қоймалық аумақ (шекаралары: оңтүстікте - Битабар көшесі, солтүстік, шығыс, батыста - құрылыстан босатылған жерлер)
III	+ 5 %	Жеке сектор үйлері орналасқан қаланың батыс бөлігі (Шевченко, Амангелді, Гагарин, Қарағанды, Кенесары, Горняков көшелері)
IV	± 0 %	Теміржол көлігі объектілері қамтыған қаланың өндірістік аумағы
V	0,16 %	Көп қабатты құрылыс үйлері орналасқан 25 орам аумағы
VI	- 32 %	Құрылысшылар және ескі Қаражал ықшам аудандары
VII	-35 %	Станциялық ықшам ауданы
VIII	- 37 %	Шалғы кентінің аумағы
IX	-45 %	Ақтай ықшам ауданы, Степная көшесі
X	-50 %	Қаражал қаласы жерлерінің әкімшілік-аумағының шекарасындағы қалған аумағы
Жәйрем кенті		
I	+ 12 %	Бизнес орталығы, қонақ үйі, сот ғимараты, мектеп (шекаралары: солтүстікте - Мамаев көшесі, батыста - Пионерская көшесі, шығыста -Металлургтер көшесі, оңтүстікте - 2 орам)
		Әкімшілік ғимараты, аурухана, Весна және Үшқатын қонақ үйлері

II	+ 6 %	(шекаралары: солтүстікте - Сейфуллин көшесі, шығыста – Металлургтер көшесі, оңтүстікте - автостанция)
III	-8 %	Жеке сектор, мектеп, дүкендер аумағы (шекаралары: солтүстікте - Даулетбаев көшесі, шығыста - Молдағұлова көшесі, оңтүстікте-Шинтуринов көшесі, батыста - құрылыстан босатылған жерлер)
IV	-31 %	Батыста - Молдағұлова көшесінен Заводской көшесіне дейін жеке сектор аумағы, шығыста - Металлургтер мен Луговая көшелері арасындағы аумақ
V	- 50 %	Жәйрем кентінің жерлерінің әкімшілік-аумағының шекарасындағы қалған аумағы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК